

Кеден органдарының кедендік төлемдер мен салықтардың төленуін қамтамасыз етуді қолдануының ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 13 мамырдағы N 199 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 21 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2299. Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кеден бақылау комитеті төрағасының м.а. 2007 жылғы 20 қыркүйектегі N 273 бұйрығымен.

*Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кеден бақылау комитеті төрағасының м.а. 2007 жылғы 20 қыркүйектегі N 273 бұйрығымен.*

-----Бұйрықтан үзінді-----

*«"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1 тармағына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:*

*1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Кеден бақылау агенттігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.*

2 . . . .  
3 . . . .

*4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.*

*Төрағаның міндеттін атқарушы*

*Қазақстан Республикасы Қаржы*

*министрлігі                    Кеден                    бақылау  
комитеті                    төрағасының                    м.а.  
2007                    жылғы                    20                    қыркүйектегі  
N                    273                    бұйрығына  
қосымша*

*Күшін жойған кейбір бұйрықтардың тізбесі*

*1. "Кеден органдарының кедендік төлемдер мен салықтардың төленуін қамтамасыз етуді қолдануы ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 13 мамырдағы N 199 бұйрығына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2299 болып тіркелген, "Ресми газетте" 2003 жылғы 26 шілдеде N 30 (135) жарияланған.);*

2 . . . .

-----

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 339-бабының 3-тармағын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Кеден органдарының кедендік төлемдер мен салықтардың төленуін қамтамасыз етуді қолдануының ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (И.Ы.Аңсарова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің баспасөз қызметі осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының орынбасары С.Ж.Мулкинге жүктелсін.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

### *Төраға*

Қазақстан Республикасы  
Кедендік бақылау агенттігі  
төрағасының  
2003 жылғы 13 мамырдағы  
N 199 бұйрығымен  
бекітілген

**Кеден органдарының кедендік төлемдер мен салықтардың төленуін қамтамасыз етуді қолдануының ережесі**

#### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің (бұдан әрі - Кеден кодексі) 339-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және кеден органдарының кедендік төлемдер мен салықтардың төленуін қамтамасыз етуді қолдануының тәртібін белгілейді.

2. Кедендік төлемдер мен салықтардың төленуін қамтамасыз ету:

- 1 ) кепіл;
- 2 ) банктің кепілдемесі;

3) тиесілі соманы кеден органының депозиттік шотына енгізу;  
4) сактандыру шарты түрінде ұсынылуы мүмкін.

3. Кедендік төлемдер мен салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомасын айқындау Кеден кодексінің 340-бабына сәйкес жүргізіледі.

4. Кедендік төлемдер мен салықтардың төленуін қамтамасыз ету кеден режимдерімен орналастырылған тауарларды шығарғанға дейін не Кеден

кодексінің 338-бабының 1-тармағында көзделген әрекеттерді жүзеге асырғанға дейін жүргізіледі.

5. Кедендік төлемдер мен салықтардың төленуін қамтамасыз етуді төлеуші не үшінші тұлға жүргізеді.

6. Тұлға Кеден кодексіне көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген кедендік төлемдер мен салықтардың төленуін қамтамасыз етудің кез-келген түрін таңдауға құқылы.

7. Кедендік төлемдер мен салықтардың төленуін қамтамасыз етуді қайтаруды кеден заңнамасына сәйкес кеден органдары жүргізеді.

## **2. Кедендік төлемдер мен салықтардың төленуін қамтамасыз етуді кепіл түрінде қолдану**

8. Кепіл деп оған байланысты кеден органдарының (кеңіл ұстаушының) төлеуші (кеңіл беруші) кепіл қамтамасыз ететін міндеттемені кеден заңнамасында белгіленген мерзімдерде орындаған жағдайда кепілдік мүлік құнынан төлеуге жататын кедендік төлемдер мен салықтарды алуға құқығы болатын кедендік төлемдер мен салықтардың төленуін қамтамасыз ету тәсілі танылады.

9. Кеден кодексінің 341-бабының 1-тармағында санамаланған тауарлар мен көлік құралдарын қоспағанда, үшінші тұлғалардың мүліктік құқығынан еркін кез-келген тауарлар мен мүлік кедендік төлемдер мен салықтардың төленуін қамтамасыз ету мақсатында кепілге салынатын зат болуы мүмкін.

10. Сертификаттауға немесе басқа мемлекеттік органдардың бақылауына жататын тауарлар мен көлік құралдарына кедендік төлемдер мен салықтардың төленуін қамтамасыз ету сертификаттың немесе ветеринарлық, фитосанитарлық, экологиялық және мемлекеттік бақылаудың басқа да түрлерін өткендігі болуы шартымен тауарлар мен мүліктің кепілі түрінде ұсынылуы мүмкін.

11. Кедендік төлемдер мен салықтардың төленуін қамтамасыз ету мақсатында кепілге салынатын заттың рыноктық құны оны өткізу бойынша шығыстарды қоса алғанда, төлеу кепілге салынатын затпен қамтамасыз етілетін кедендік төлемдер мен салықтар бойынша міндеттеменің мөлшерінен төмен болмауы қажет.

12. Кепіл заты оған меншік құқығы бойынша не меншік иесінің келісімімен шаруашылық жүргізуге құқығы бар тұлға кепіл беруші бола алады.

13. Егер кеден органы басқа шешім қабылдамаса, кепіл кезінде кепіл заты кепіл береүшіде қалады.

Кепілге салынған зат кепіл берушіде қалдырылған жағдайда Қазақстан Республикасының кеден органы:

1) күжаттары бойынша және іс жүзінде болуын, мөлшерін, жағдайын және

кепіл затын сақтаудың жағдайларын тексеруге;

2) кепіл берушіден кепіл затын сақтау үшін қажетті шаралар қабылдауды талап етуге құқылы.

14. Кепіл заты кепіл берушіде қалдырылған кепіл кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешім қабылдау үшін кеден органдарының қарауына беруден басқа, сатуға, өзге де иеліктен айыруға, жалға беруге және кепіл затын үшінші тұлғаның иелігіне немесе пайдалануға берудің басқа түрлеріне жол берілмейді.

15. Кеден органдарында кепіл затының тиісті сақталуының жеткілікті кепілдігі болмаған жағдайлар немесе себептер болған кезде кеден органы кепіл затын өзінің иелігіне беру (бұдан әрі - кепілзат) қажеттігі туралы шешім қабылдайды. Бұндай жағдайда кепілзат заты құрылтайшысы кеден органы болып табылатын уақытша сақтау қоймасына орналастырылады.

16. Кепілзатпен қамтамасыз етілген міндеттемелерді орындау мерзімі Кеден кодексіне сәйкес айқындалған тауарлардың уақытша сақталу мерзімдерінен аспауы тиіс.

17. Осы Ереженің 15-тармағында аталған қоймаларға орналастыру мүмкіндігі болмаған кезде кепіл заты құлыптаулы, пломбаланған және кеден органының мөрімен кепіл берушіде қалдырылады. Кепіл заты кепіл берушінің иелігінде кепіл (бұдан әрі - тұрлаулы кепіл) туралы куәландыратын белгілер жасаумен қалдырылуы мүмкін. Тұрлаулы кепіл кезінде кепіл берушінің кепіл затын пайдалануға құқығы жоқ.

18. Мұлікті кепілзат ретінде қалдырған кезде кеден органы кепілзат затын сақтандыруды жүзеге асырмайды және кепілзат затынан кірістер және кепіл беруші мүддесіндегі өзге де мұліктік пайдаларды көздемейді.

#### 19. Бұл ретте кеден органы:

кепілзат затын сақтау үшін қажетті шараларды қабылдауы;

кепіл берушіні кепілзат затының жоғалу, немесе зақымдануы қауіпінің туындағаны туралы хабарландыруы;

кепіл беруші міндеттемелерін орындағаннан кейін бескүндік мерзімнен кешіктірмей кепілзат затын кепіл берушінің иелігіне беру мүмкіндігі туралы хабардар етуі қажет.

20. Егер, кепіл заты кепіл берушінің иелігінде қалған жағдайда кепілге алынған кепіл затын аварияның немесе женілмейтін күш салдарынан кепіл затының жоғалуы, жетіспеушілігі немесе зақымдануы, өзге мемлекеттік органдардың іс-қимыл жасауы және олардың кепіл берушінің шаруашылық қызметін тоқтататын акті қабылдауы, не оған бөгет жасайтын, немесе оған жағымды қарайтын, сондай-ақ таратылу немесе дәрменсіз деп танылуы, не өзінің дәрменсіздігі туралы жариялауы жағдайларына өз есебінен сақтандыруы қажет.

21. Кедендік төлемдер мен салықтардың төленуін қамтамасыз ету ретіндегі тауарлар мен мұліктің кепілі қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес мемлекеттік тіркелуге жатады.

22. Қазақстан Республикасының кеден органы мен кепіл берушінің өзара қатынасы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалған кепіл туралы шарттың негізінде құрылады.

23. Кепіл туралы шарт жазбаша нысанда жасалады және мынадай мәліметтерді:

- 1) тараптардың атаулары мен деректемелерін;
- 2) кепіл затының атауы мен мөшерін;
- 3) кепіл затының рыноктық құны және кепіл қамтамасыз ететін міндеттердің мөлшерін;
- 4) кепілмен қамтамасыз етілетін міндеттемелердің орындалу мерзімін;
- 5) кепіл түрін (ипотека, кепілзат немесе тұрлаулы кепіл);
- 6) кепіл затқа қолданылатын шара айналысының негіздемесін;
- 7) күшіне ену тәртібін (кепілді мемлекеттік тіркеген жағдайда кепіл шартын мемлекеттік тіркеген сәттен бастап) қамтуы тиіс.

24. Кеден органының атынан кепіл шартына кеден органының бастығы немесе оның орындағы адам және бас бухгалтер қол қояды.

25. Кепіл туралы шарттан алынған мәліметтер осы Ереженің 1-қосымшасында келтірілген нысан бойынша жасалған кепіл туралы шарттардың тізімдемесіне енгізіледі. Кепіл туралы шарттар іс қағаздарына тігіледі және қатаң есептілік бланкілерін сақтау үшін көзделген тәртіппен кеден органдарында сақталады.

26. Кеден органдарының алдындағы міндеттемелерді қамтамасыз ету үшін кепілге салынған тауарлар мен көлік құралдарының одан арғы кепіліне жол берілмейді.

27. Егер кепілзатпен қамтамасыз етілген міндеттемелерді орындағаннан кейін оған тиісті хабарлама жіберілген күннен бастап бес жұмыс күнінің ішінде кепіл беруші кеден органына кепілзат заты ретінде берілген тауарлар мен көлік құралдарын талап етпесе кеден органы мұндай тауарлар мен көлік құралдарын жеке тұлға құрган уақытша сақтау қоймасына орналастырады.

28. Төлеуші кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемелерін жартылай орындаған жағдайда төлеуші кеден органдарының алдындағы барлық міндеттемелерін орындағанға дейін кепіл алғашқы көлемінде сақталады.

29. Кеден органдарының алдындағы міндеттерін орындау мерзімі келген сәтте егер, бұл міндеттер орындалмаған жағдайда, кеден органы сот тәртібімен өндіріп алушы кепіл затына қарату құқығына ие болады.

**3. Кедендік төлемдер мен салықтардың төленуін қамтамасыз ету мақсатында кеден органдарының уәкілетті банк кепілдігін қолдануы**

30. Банк кепілдігі деп кепілгер болып түсетін екінші деңгейдегі банк (бұдан әрі - банк) кеден органының алдында төлеуші өзінің қамтамасыз етуге банктік кепілдеме ұсынылған міндеттемелерін орындаған жағдайда тиесілі кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуге міндеттенетін кедендік төлемдер мен салықтардың төленуін қамтамасыз етудің түрі танылады.

31. Банктер Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің нормаларына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі лицензиясының негізінде және көрсетілген операцияларды жүргізуі реттейтін Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын ескере отырып банктік кепілдеме (тенгемен де, шетелдік валютамен де) беруді жүзеге асырады.

32. Кеден органдары шетелдік валютадағы банктік кепілдемелерін тек банкте шетелдік валютадағы банктік операцияларды жүргізуге арналған лицензия болған кезде ғана қабылдайды.

33. Банк кепілдігін кеден органына төлеуші ұсынады. <\*>

*Ескерту. 33-бап жаңа редакцияда - ҚР Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2004 жылғы 27 мамырдағы N 240 бұйрығымен .*

33-1. Кеден органдары төлеуші ұсынған банк кепілдігінің түпнұсқалылығына және/немесе мазмұнына қатысты негізді күмәндар туындаған жағдайда, кепілдікті берген банкten жазбаша нысандағы растау сұратуы мүмкін. <\*>

*Ескерту. 33-1-баппен толықтырылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2004 жылғы 27 мамырдағы N 240 бұйрығымен .*

34. Банк кепілдігі қайтарып алынбайтын болып табылады.

3 5 . < \* >

*Ескерту. 35-бап алынып тасталды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2004 жылғы 27 мамырдағы N 240 бұйрығымен .*

3 6 . < \* >

*Ескерту. 36-бап алынып тасталды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2004 жылғы 27 мамырдағы N 240 бұйрығымен .*

3 7 . < \* >

*Ескерту. 37-бап алынып тасталды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2004 жылғы 27 мамырдағы N 240 бұйрығымен .*

38. Төлеушінің банк кепілдемесімен қамтамасыз етілген міндеттемесі орындалмаған жағдайда, кеден органы кепілдік мерзімі аяқталғанға дейін уәкілетті банкке - төлеушінің міндеттемелерін орындау туралы кепілгерге берілген кепілдеме мөлшерінде талап қоюға құқылы.

39. Төлеуші оны орындау үшін банктік кепілдеме берілген міндеттемелерді орындаған жағдайларда кепілдеме бақылаудан алынады, ал банк-кепілгерді кеден органы кепілдеменің қолданылуының аяқталғандығы туралы хабардар етеді.

40. Кеден органы осы Ереженің 2-қосымшасында келтірілген нысан бойынша банктік кепілдемелердің тізімдемесінде банктік кепілдемелердің есебін жүргізеді . Банктік кепілдемелер арнаулы іс қағаздарына тігіледі және қатаң есептілік бланкілерін сақтау үшін көзделген тәртіппен кеден органдарында сақталады.

**4. Кедендік төлемдер мен салықтардың кеден органының депозиттік шотына ақша енгізу арқылы төленуін қамтамасыз етуді қолдану**

41. Кеден органының депозиттік шотына (бұдан әрі - депозиттік шот) ақша енгізу деп төлеуші өзі міндеттемелерді орындаған жағдайда, депозиттік шотқа кедендік төлемдер мен салықтар сомалары мөлшеріндегі міндеттемені қамтамасыз ету үшін ақша енгізетін кедендік төлемдер мен салықтардың төленуін қамтамасыз ету түрі танылады.

42. Кедендік төлемдерді және (немесе) салықтарды төленуін қамтамасыз ету ретінде ақша енгізу төлеуші таңdap алған кеден органының депозиттік шотына енгізу арқылы жүргізіледі.

43. Депозиттік шотқа ақша енгізу ді төлеуші ұлттық немесе шетелдік валютада жүргізеді.

44. Кеден органында валюталық шот болмаған жағдайда, кедендік төлемдерді және (немесе) салықтардың төленуін қамтамасыз ету ретінде депозиттік шотқа ақша енгізу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүргізіледі.

45. Депозиттік шотқа ақша аудару туралы төлем құжатының "Төлемнің мақсаты" бағанында: "\_\_\_ ретінде "\_\_\_" N \_\_\_ келісім-шарт бойынша \_\_\_ N \_\_\_ шот-фактура бойынша қатысты кедендік төлемдердің және (немесе) салықтардың төленуін қамтамасыз ету" деп көрсетілуі тиіс.

46. Егер ақшаны депозиттік шотқа үшінші тұлға аударған жағдайда, онда нақ осы бағанда ақшалай қаражаттың қандай тұлғаның мүддесіне енгізілетіндігі қосымша көрсетілуі тиіс.

47. Кедендік төлемдер мен салықтардың төленуін қамтамасыз ету ретінде депозиттік шотқа аударылған ақша депозитпен қамтамасыз етілген міндеттеме іс жүзінде орындағанға дейін өзге төлемдер мен салықтар бойынша есепке алынуға жатпайды.

48. Кедендік төлемдердің және (немесе) салықтардың төленуін қамтамасыз ету ретінде енгізілген сомаларды қайтару оны қамтамасыз ету үшін ақша депозиттік шотқа енгізілетін міндеттеме орындалғаннан кейін ғана жүргізіледі.

49. Депозиттік шотты қамтамасыз ету сомасын іс жүзінде қайтаруды кеден органы төлеушінің жазбаша өтініші бойынша өтініш алынған күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүргізеді.

50. Бұл ретте Қазақстан Республикасының заңды немесе жеке тұлғалары - резидент еместер кедендік баждардың және (немесе) салықтардың төленуін қамтамасыз ету ретінде енгізген ақшаларының сомасын қайтаруды кеден органы Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлғаның жазбаша өтініші бойынша осы тұлғаның Қазақстан Республикасының аумағында да, оның шегінен тысқары жерлерде де ашылуы мүмкін шотына жүргізеді.

51. Кедендік төлемдердің және (немесе) салықтардың төленуін қамтамасыз ету сомаларын қайтару үшін ақшаларды аудару жөніндегі банктік операцияларды жүргізу аударылған қаражат есебінен жүргізіледі.

52. Кеден кодексінде белгіленген мерзімдерде оны орындау үшін ақша депозиттік шотқа енгізілген міндеттеме орындалмаған жағдайда, сондай-ақ төлеушінің кедендік төлемдер мен салықтардың төленуін қамтамасыз ету ретінде енгізген ақшасын қайтаруға арналған өтініші болмаған жағдайда, кедендік төлемдер мен салықтар депозиттік шоттан он бес күнтізбелік күн аяқталғаннан кейін мемлекеттік бюджеттің кірісіне аударылады.

53. Ол бойынша қамтамасыз ету енгізілген міндеттеме орындалмаған жағдайда, төлеушінің өтініші бойынша қамтамасыз ету сомасы қолданылып жүрген кеден заңнамасына сәйкес бюджеттің алдағы кедендік төлемдер мен салықтардың шотына аударылуы мүмкін.

##### **5. Сақтандыру шартын кедендік төлемдер мен салықтардың төленуін қамтамасыз ету түрінде қолдану**

54. Сақтандыру шарты деп оған сәйкес сақтандыруды жүзеге асыратын тұлға (сақтандырушы) төлеуші міндеттемені орында маған жағдайда (сақтандыру жағдайы басталған) төлеуге жататын кедендік төлемдер мен салықтардың сомасын (сақтандыру ақысын) төлеуге міндеттенетін қамтамасыз ету түрі танылады.

55. Кеден кодексінің 345-бабына сәйкес кеден органдары кедендік төлемдер мен салықтардың төленуін қамтамасыз ету ретінде Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес бекітілген сақтандыру шарттарын қабылдайды.

56. Сақтандыру шартына мынадай мәліметтер енгізілуі тиіс:

1) сақтандырушының атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері;

2) сақтандырылушкиның (егер ол жеке тұлға болып табылса) тегі, аты, экесінің аты (ол болған жағдайда) және тұратын жері немесе оның атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері (егер ол заңды тұлға болып табылса);

3) сақтандыру объектісін көрсету;

- 4) сақтандыру жағдайын көрсету;
- 5) сақтандыру сомасының мөлшері және сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудың тәртібі мен мерзімдері;
- 6) сақтандыру сыйақысының мөлшері, оларды төлеудің тәртібі мен мерзімдері;
- 7) шарттың жасалған күні және қолдану мерзімі;
- 8) егер олар сақтандыру қатынастарының қатысушылары болып табылса, сақтандырылуши және пайда алушы кеден органы туралы көрсету;
- 9) шарттың (сақтандыру полюсінің) нөмірі, сериясы;
- 10) шарттың ережелеріне өзгерістер енгізу жағдайлары және оның тәртібі.

57. Сақтандыру жағдайы басталған жағдайда төлеуші мен сақтандырылуши ұйымның арасында жасалған сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлеушінің сомасы мемлекеттік бюджетке аударылуға жатады.

58. Сақтандыру шарттарын кеден органы осы Ереженің 3-қосымшасында белгіленген нысан бойынша жүргізілетін сақтандыру шарттарының тізімдемесіне тіркейді.

Қазақстан Республикасының  
Кедендейк бақылау агенттігі  
төрағасының  
2003 жылғы 13 мамырдағы  
N 199 бұйрығымен бекітілген  
Кеден органдарының кедендейк  
төлемдер мен салықтардың  
төлеңүін қамтамасыз етуді  
қолдануының ережесіне  
1-қосымша

### **Кепіл туралы жасалған шарттардың тізімдемесі**

р/  Кепіл   Қамтамасыз   Міндетте.  Кепіл   Кепіл   Кепіл   Кепіл							
б   беруші. ету енгізіл.  мені  туралы  түрі  заттары.  затының							
N   нің  ген төлеуші.  қамтама.  шартты     ның  рыноктық							
атауы,   нің атауы   сыз ету   жасаған    атауы   құны							
мекен-  (жеке тұлға.  сомасы   күн       мен							
жайы,   ның аты-           мөлшері							
С Т Н -ы   жөні)							

Шарт		Iс	Кепіл	Кепіл	Ескерту
бойынша	жүзінде	затын	затын		
міндегі.	орындау	сату	сатқан		
темені	мерзімі	күні	кездегі		
орындау				алынған	
мерзімі				сома	

  

9	1 0	1 1	1 2	1 3
---	-----	-----	-----	-----

Қазақстан Республикасының  
Кедендейк бақылау агенттігі  
төрағасының

2003 жылғы 13 мамырдағы  
N 199 бұйрығымен берілген  
Кеден органдарының кедендейк  
төлемдер мен салықтардың  
төленуін қамтамасыз етуді  
қолдануының ережесіне  
2-қосымша

### Банк кепілдемелерінің тізімдемесі

p/[Кепілгер]	Кепілдеме	Қамтамасыз	[Кепіл.]Кепілдеме	[Кепілдеменің
б   болып   шарты   ету енгі.	деме   берілген   қолданылу			
N   түсетін   жасалған   зілген   сома.  күн және   мерзімі				
банктің   тұлғаның   төлеушінің   сы   нөмірі				
атауы,   атауы,   атауы,				
тұрған   тұратын   тұратын				
жері   жері   жері және				
оның				
деректеме.				
лері				

1	2	3	4	5	6	7
---	---	---	---	---	---	---

Республикасы	бойынша	жүзінде	бойынша	аударылған	
Ұлттық банкі	міндетте.	орындау	соманы	кепілдеме	
рұқсатының	мені	мерзімі	бюджетке	сомасы	
деректемеле.	орындау		өндіріп		
рі (болған	мерзімі		алу күні		
жада)					

8

9

10

11

12

13

Қазақстан Республикасының  
Кедендейк бақылау агенттігі  
төрағасының

2003 жылғы 13 мамырдағы  
N 199 бұйрығымен бекітілген  
Кеден органдарының кедендейк  
төлемдер мен салықтардың  
төленуін қамтамасыз етуді  
қолдануының ережесіне  
З-қосымша

### Банк шарттарының тізімдемесі

p/ Сақтанды.	Сақтандыру	Қамтамасыз	Міндет.	Сақтандыру Сақтан.		
б  рушының	шарты	ету енгізіл.	теме.	шарты	дыру	
N   атауы,	жасалған	ген төлеуші.	лерді	жасалған	шартының	
тұрған	тұлғаның	нің атауы,	қамтама.	күн және	қолданы.	
жері және	атауы,	тұратын жері сыз	ету	нөмірі	лу	
банктік	тұратын	және оның	сомасы		мерзімі	
деректе.	жері және	деректеме.				
мелері	оның дерек.	лері				
	т е м е л е р і					

1 2

3

4

5

6

7

### таблицаңың жалғасы

Міндеттеме.	Сақтандыру	Ic	Сақтандыру  Бюджетке  Ескерту		
лерді	шарты	жүзінде	шарты	аударылған	
орында маған	бойынша	орындау	бойынша	сақтандыру	
жада)	міндеттемені мерзімі	соманы		төлемінің	

төлеуге		орындау		өндіріп		сомасы	
жататын		мерзімі		алу күні			
сақтаңдыру							
төлемінің							
сомасы							

---

8

9

10

11

12

13

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК